



Екібастұз қ.

22.01.2016 ж.

Баспасөз хабарламасы

Екібастұз қаласында Қазақстанда қосымша білім беруді дамыту мәселелері талқыланады

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Павлодар облысы, Екібастұз қаласы әкімдігінің қолдауымен 2016 жылғы 22 қаңтарда Екібастұз қаласында қосымша білім беру ұйымдары басшыларының Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізеді.

Үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы жұмысына ҚР білім және ғылым, әділет, инвестициялар және даму министрліктерінің, заң шығарушы және атқарушы органдарының өкілдері, Республикалық үйлестіру кеңесінің қосымша білім беру ұйымдары басшылары мен мүшелері қатысады.

Республикалық үйлестіру кеңесінің отырысы аясында ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту мәселелелері бойынша дөңгелек үстел және әлеуметтік-педагогикалық бағытындағы семинар ұйымдастырылады.

Келесі сұрақтарды талқылауға ерекше көңіл бөлінеді:

- «Мәңгілік Ел» ұлттық идея мен «Ұрпақ+» жобалары аясында қосымша білім берудің мазмұнының жаңартылуы;

- мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің есебінен мектептен тыс ұйымдар мен балалардың қосымша білім алу қатырын ұлғайту мақсатында әкімшіліктермен бірлескен қосымша іс-шаралары;

- кәмелет жасқа толмаған балалардың сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында әлеуметтік мәселелер бойынша бағдарламалар әзірлеудің қажеттілігі;

Қосымша білім берудің маңызды аспектілерін талқылау, баланың сан-қиылы қызығушылықтарын қанағаттандыру құқығын қамтамасыз етуге және сабақтан тыс іс-шаралар уәждемелік әлеуетін дамытуға септігін тигізеді.

Үйлестіру кеңесінің қатысушылары қорытынды ұсынымды әзірлейді.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі байланыс телефондарына хабарласа аласыздар: +7 (7172) 72-98-99, 8 (777) 526 36 08; 8 (7172) 24-93-06, 8 (701) 485 48 09, e-mail: aiman.kamzina@mail.ru, rumcdo.muz@mail.ru

*Пресс-служба Министерства образования и науки Республики Казахстан
010000, г. Астана, ул. Орынбор 8, 11 подъезд, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

E-mail: pressa@edu.gov.kz